

11 Шілде
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР — ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА



Өткен апта Ойыл ауданына ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Асқар Садықов, Қазыбек Өлішев іссапармен келді.

Ең алдымен Саралжын ауылдық округіндегі «Тәжібай-АГРО» ЖШС шаруа қожалығының басшысымен және қызметкерлерімен кездесті.

Асыл тұқымды мал шару-

ашылығы және суармалы егіншілікпен айналысатын шаруа қожалықтың бүгінгі тынысымен танысты.

Сондай-ақ, суармалы егіннің жұмыс қарқыны мен өнімдерді өндіру барысы сөз болды. Кездесуде шаруашылық иелерінің талап-тілектері тыңдалды. Одан кейін Ойыл – Қаратал ауылына

кіреберіс автомобиль жолының күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты.

«АССАНА-Дор-Строй» компаниясы жасап жатқан күрделі жөндеу жұмысы қызу жүріп жатыр. Жылдың аяғына дейін аяқтауды көздеп отыр. Кездесу барысында «АМАНАТ» партиясы Ойыл аудандық филиалының ғимаратын-

да қабылдау өткізіп, фракция мүшелерімен кездесті. Аудандағы түйтілді мәселелер талқыланып, фракция мүшелері депутаттық сауал жолдады. Мәжіліс депутаттары аудандағы проблемалық мәселелерді көтеріп, ұсыныстарын жеткізді.

Гаухар АБАЙҚЫЗЫ,
Ойыл-Саралжын-Қаратал-Ойыл.

ЕЛОРДА КҮНІ - ЕЛДІК МЕРЕКЕ

ОТАНЫМЫЗДЫҢ ЖҮРЕГІ, ЕЛОРДАМЫЗ-АСТАНА КҮНІН АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ КҮЙМЕН ҚАРСЫ АЛДЫ. БҮГІНГІ МЕРЕКЕДЕ КӨЮЖАР ЖӨРМЕҢКЕСІНІҢ САУДА ҚАТАРЛАРЫ МЕРЕКЕГЕ САЙ БЕЗЕНДІРІЛІП, ӨСЕМ ӨУЕН ШЫРҚАЛЫП ТҰРДЫ. ТАҢСӨРІДЕН САУДА ҚАТАРЛАРЫНДА АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖӨРМЕҢКЕСІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, ЕТ, СҮТ ӨНІМДЕРІНІҢ МОЛ ҚОРЫН ҰСЫНДЫ.



Жәрмеңкеге аудан кәсіпкерлері ғана емес, 7 ауылдық округтен келген шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлері де өз өнімдерін әкелді.

Қайыңды ауылдық округі өздеріндегі шаруа қожалықтарынан әкелген қой етін килограммы 2000 теңгеден ұсынса, Ойыл ауылдық округі қашар етін 2100 теңгеден сатты. Қаратал, Сарбие, Қараой

ауылдық округінің шаруалары да үлкен дайындықпен келген. «Ауыл аманаты» жобасы аясында құс, өсімдік шаруашылығының өнімдерін әкеліпті, сонымен қатар айран, сары май, құрт-ірімшік, құртмай секілді сүт өнімдері де сөреден табылды. Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы жұртшылықты мерекемен құттықтап, жәрмеңкені аралады. Бұл

жолғы жәрмеңкеде қауын-қарбыз, көкөніс пен жеміс-жидек тұтынушыларын тез тауып жатты. Сондай-ақ, жәрмеңкеде жылжыжайдың көкөніс өнімдері де сатылды.

Саябақ төрінде туған жер, Астана туралы өсем әндер шырқалды. Осы күні балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің алаңында алғаш рет дәстүрлі садақ атудан аудан-

дық біріншілік өтті. Шыдамдылықпен қырағылықты қажет ететін жарыста аудандық Көкжар мешіті жүлделі бірінші орынға ие болды. Үздік садақ ату әдісін көрсеткен азаматтар жастар ресурстық орталығының басшысы Жанғұл Ізғаринаның атынан да Алғыс хатқа ие болды.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селпосы.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

5 шілде 2023 жыл

№ 5

Ойыл селосы

Аудандық мәслихаттың
кезекті бесінші сессиясын
шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес

ШЕШІМ ЕТЕМІН:

Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті бесінші сессиясы 2023 жылдың 13 шілде күні сағат 10.00-ге аудан әкімдігінің мәжіліс залына шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселе енгізілсін:

1. Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы аудан әкімі А.Қ.Қазыбаевтың есебі туралы

Баяндамашы: А.Қ.Қазыбаев - аудан әкімі

2. Жер заңнамасының сақталуын, жерді қорғау және пайдалану талаптарын қамтамасыз ету жөніндегі қызметі туралы

Хабарламашы: М.О.Төремұратов - аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы

3. Ойыл ауданындағы дене шынықтыру мен спорттың жағдайы және одан әрі дамыту бойынша шаралар туралы

Хабарламашы: Н.А.Атағалиев - аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы

4. Ауданда шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мәселелері туралы

Хабарламашы: А.Қ.Мубаракوف - аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы

5. Басқа да мәселелер

Аудандық мәслихат төрағасы:

С.Ф.Займолдин

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ОРТАЛЫҚ



Ауданда жуырда ғана ашылған «Белсенді ұзақ ғұмыр» (@aktivnoe_dolgeitieiyl) орталығы зейнеткерлерді салауатты өмір салтын насихаттауға жаңа серпін беруде. Күн сайын зейнеткерлер спортпен шұғылданып, уақыттарын пайдалы әрі көңілді өткізуде. Зейнет жасындағы тұрғындар бұл орталықта скандинавиялық серуендеу, психологиялық тренингтер, артикулярлық гимнастика, классикалық заманауи билер, әлем мұражайларына виртуалды саяхат, киноклуб, IT саяхат алуан түрлі қызықты әрі денсаулыққа пайдалы спорт түрлерімен айналысуға болады. Ол үшін де арнайы мамандары бар. Түстен кейін шахмат, шашка секілді зейінді ашатын ойындарды ойнайды. Сонымен қатар үзілісте түрлі пайдалы шөй ішеді. Туған күндер де тойланады. Белсенді ұзақ өмір орталығы Желтоқсан көшесі №21 мекенжайында орналасқан.

Орталық таңы алдымен қара жорға биімен басталады, кейін дәрігер зейнеткерлеріміздің қан қысымын өлшеп, қалыпты болса әрі қарай жаттығуларына жіберіледі.

«Зейнеткерлерге арналған бұндай орталықтар Ақтөбе қаласы, Өйтеке би, Қобда аудандарынан ашылған болатын. Енді міне бізде де ашылып жатыр. Қарқынды жүзеге асып жатқан «Белсенді ұзақ өмір» орталығы зейнеткерлеріміздің бос уақытын тиімді өткізу үшін және салауатты өмір сүруге шақырып, өмірге деген құштарлықтарын арттыру мақсатында қызмет атқарады. Орталыққа зейнет жасына жеткен тұрғындардың қабылдаймыз. Ешқандай шектеу жоқ. Қызмет алушылар алғашқы орталыққа келгенде міндетті түрде дәрігерлік тексеруден өтеді. Зейнеткерлерге есігіміз ердайым ашық. Тіркеу үшін тек жеке бас куәлігі мен зейнеткерлік туралы куәлігі жеткілікті. Орталықта барлық қызмет түрлері - тегін», - дейді орталық әкімшісі Гүлзамира Атағалиева. Орталықта ойын бөлмесі, медбике бұрышы, жаттығу бөлмесі бар. Сондай-ақ орталықта арнайы дене шынықтыру бөлмелері, спорттық жабдықтар да қарастырылған.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селпосы.

ШІЛДЕДЕН БАСТАП ЕЛІМІЗДЕ ПАРЛАМЕНТ ҚАБЫДАП, МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚОЛ ҚОЙҒАН ӨЛЕУМЕТТІК КОДЕКС ЗАҢДЫ КҮШІНЕ ЕНЕДІ. ТМД МЕМЛЕКЕТТЕРІ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН АЛҒАШҚЫ БІРТҮТАС ӨЛЕУМЕТТІК ҚҰЖАТТА АДАМНЫҢ БҮКІЛ ӨМІРЛІК ЦИКЛІ ҚАМТЫЛҒАН. ТУҒАНДАН КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ ӨЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ, ЕҢБЕККЕ ҚАБІЛЕТТІ ЖАСТАҒЫ ЖҰМЫСПАН ҚАМТУ, ЕҢБЕК ҚАҒЫПСІЗДІГІ, ӨЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ІС-ШАРАЛАРЫ, ӨМІРЛІК ҚИЫН ЖАҒДАЙ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕГІ ӨЛЕУМЕТТІК КӨМЕК, СОНДАЙ-АҚ ЖАСЫ ҮЛГІАҒАН ШАҚТАҒЫ ҚОЛДАУЛАРДЫҢ БАР-ЛЫҒЫ ЕНДІ ОСЫ БІР ҚҰЖАТПЕН РЕТТЕЛЕДІ. АҚТӨБЕГЕ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН АРНАЙЫ АЙ-КЕЛГЕН ҚР ЕҢБЕК ЖӨНЕ ХАЛЫҚТЫ ӨЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ВІЦЕ-МИНИСТРІ ЕРБОЛ ОСПАНОВ БЕЙСЕНЫ КҮНІ ЖУРНАЛИСТЕРГЕ БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫН ӨТКІЗІП, КОДЕКСТІҢ НЕПІЗГІ ЖАҒАЛЫҚТАРЫНА ТОҚТАЛДЫ. «АЛТЫН АЛҚА» ТАҚҚАН АНАЛАРДЫҢ АЛАТЫН ҚАРАЖАТЫ КӨБЕЙДІ. БАЙҚАҒАНЫМЫЗДАЙ, ЖАҢА КОДЕКСТЕ АНА МЕН БАЛАҒА ҚАТЫСТЫ БІРҚАТАР ІГІЛІКТІ ІСТЕР ҚОЛҒА АЛЫНҒАН.ВІЦЕ-МИНИСТР АЛДЫМЕН ҚҰЖАТТАҒЫ ОСЫ БАҒЫТТАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ТОҚТАЛДЫ.

— Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында бала күтімі бойынша мемлекеттік жәрдемақы және әлеуметтік төлемді төлеу кезеңі бір жастан бір жарым жасқа дейін ұзартылды. Аталған төлемді 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап дүниеге келген және былтыр туған, бірақ жасы әлі 1,5 жасқа толмаған балалары бар 800 мыңнан астам отбасы алады.

Бұл бағытта мемлекет тарапынан 650 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінді, — деді Ербол Оспанов.

Сондай-ақ ол бұған дейін атаулы әлеуметтік көмек алушылардың 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларына арналған әлеуметтік пакет 1 қаңтардан бастап монетизациялау түріне аустырылғанын айтты. Яғни ендігі жерде көмек заттай емес, ақшалай беріледі. Бұл бастама аясында 212 мыңнан астам бала қаражатпен қамтылып, жеке сұранысына қарай қажетті заттарын өздері сатып алуға мүмкіндік алады.

Әлеуметтік кодекске «Наградалған аналар» деген жаңа ұғым енгізіліпті.

Бұл мәртебе «Күміс алқа», «Алтын алқа» алқаларымен наградалған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендері бар аналарға беріледі.

— Елімізде бұрын «Алтын алқа», «Күміс алқа» иелеріне төленетін жәрдемақы бірдей мөлшерде болатын. Ендігі жерде «Алтын алқа» таққан аналардың алатын қаражаты көбейеді. Жәрдемақы 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап төленеді. Бұл өзгерістің аясында наградалған 90 мыңға жуық ана қамтылады, — деді ол.

— Жыл басында мүгедектерге, олардың қамқоршыларына және асыраушысынан айырылған отбасыларға төленетін жәрдемақы мөлшері 8,5 пайызға өскен болатын. 1 шілдеден бастап тағы 14,5 пайызға көбейеді. Осылай жыл сайын өсіп отырады, — деген вице-министр елімізде мүгедектікті сырттап кұәландыру бойынша пилоттық жоба іске қосылатынын айтты. Яғни ендігі жерде аталған санаттағы азаматтардың құжат дайындау жұмыстары жеңілдетілмек.

Сондай-ақ менталды бұзушылықтары бар 1126 бала санаторлық-курорттық сауықтырумен қамтамасыз етіледі. Олардың қасына еріп баратын ата-анасының біреуінің шығыны мемлекет тарапынан төленеді.

Бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың көмекшілеріне ең

бегіне ақы төленіп, әлеуметтік төлемдер жүргізіліп, ал зейнетке шығарда жұмыс өтілі ретінде есептеледі.

— Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі «Балапан» бағдарламасы секілді мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсететін ірі интернет үйлерден шағын әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарына кезек-кезеңмен өту жоспарланып отыр. Бұл мүгедектігі бар адамдарға, әсіресе ауылдық жерлерде арнайы әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттырады. Арнайы әлеуметтік қызметтердің жаңа стандарттары әзірленді. Осы мақсатта 1 шілдеден бастап еліміздің 7 өңірінде пилоттық жоба іске қосылады. Бұл жерде әрі кеткенде 50 адамға дейін ғана қызмет көрсетіледі, — деді Ербол Оспанов.

Тағы бір жаңалық — енді мүгедектігі бар азаматтардың мәселелерімен арнайы омбудсмен айналысады. Азаматтар қандай да бір арыз-шағымдар болатын болса, омбудсмен арқылы мемлекеттік органдарға жолдай алады. Сонымен қатар азаматтардың құқықтарын қорғайтын мемлекеттік әлеуметтік инспекторлар қызметі енгізіледі.

Брифинг барысында вице-министр әлеуметтік қызмет реестрі жасалып, онда әлеуметтік қызметкерлердің біліктілігі, олар көрсететін қызметтердің түрлері мен сапасы, жұмыс нәтижелері туралы ақпарат көрсетілетінін айтты. Бұл қызметті тұтынушыларға бәсекелестік ортадағы әлеуметтік қызметкерлерді таңдауға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта бұл азаматтардың жалақысы да көбеймек.

Жәрдемақы түрі	Мәлшері с 1.01.2023 ж.		Мәлшері 1.07.2023 ж.	
	КҚД	Теңге	КҚД	Теңге
Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы	1,40	56794	1,61	65313

Анықтама: Ең төменгі күн көріс деңгейінің (КҚД) 2023 жылға көрсеткіші – 40567 теңге

Мүгедектігіне байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері					
Мүгедектік салдары	топ	Мөлшері 1.01.2023 ж.		Мөлшері 1.07.2023 ж.	
		КҚД	Теңге	КҚД	Теңге
Жалпы ауру салдарынан	1 топ	1,92	77889	2,20	89248
	2 топ	1,53	62068	1,76	71398
	3 топ	1,04	42190	1,20	48681
7 жасқа дейін мүгедектігі бар бала		1,40	56794	1,61	65313
7 жасан 18 жасқа дейін мүгедектігі бар балаларға	1 топ	1,92	77889	2,20	89248
	2 топ	1,59	64502	1,83	74238
	3 топ	1,20	48681	1,61	65313
Мерімді әскери қызметте болғандар	1 топ	2,81	113994	3,22	130626
	2 топ	2,40	97361	2,75	111560
	3 топ	2,01	81540	2,31	93710
ПМ мен әскери құрылымдардың қызметкерлеріне	1 топ	3,44	139551	3,94	159834
	2 топ	2,65	107503	3,04	123324
	3 топ	2,01	81540	2,31	93710

Анықтама: Ең төменгі күн көріс деңгейінің (КҚД) 2023 жылға көрсеткіші - 40567 теңге

Бұл орталықтарға бекітілген барысты тапсырма — жұмыссыздарды тіркеп, оларға жұмыс іздеуде және мансабын жоспарлауда көмек беріп, жұмыспен қамтудың бөлектенді шараларын көрсетіп, халыққа аймақтағы еңбек нарығы бойынша ақпарат беру.

— Барлық облыстарда және республикалық маңызы бар үш қалада мобильді еңбек орталықтары ашылды.

Олар мансап орталықтардың жұмысын үйлестіріп, аймақ деңгейінде жұмыспен қамту мәселесі мен ішкі миграцияны реттейді.

Бұл мобильді еңбек орталықтарының басқару жұмыстарын орталықстандыруға мүмкіндік береді, — дейді вице-министр.

Айтпақшы, енді жұмыссыз қалған азаматтарға Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жарна төлеген уақытына сәйкес бір айға дейін бұрынғы табысының 45 пайызын төлеу қарастырылып отыр.

Қазіргі таңда 94 мыңнан астам қазақстандық азаматқа осындай төлем тағайындалған.

2023-2027 жылдар аралығында ең төменгі базалық зейнетақы мөлшерін кезек-кезеңімен 54-тен 70 пайызға дейін, яғни ең төменгі күнкөріс шамасынан 100-ден 120 пайыз деңгейіне жеткізу көзделген. Сондай-ақ 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнеткерлікке шығатын азаматтар үшін ынталы мақты зейнетақыны есептеу үшін пайдаланылатын ең жоғары табыс мөлшері 46-дан 55 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылды. Зейнетақылар мөлшерін арттыруға жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қызметкердің пайда-сына шартты-жинақтаушы зей-нетақы компонентін енгізу де-йкіпал ететін болады. 2024 жыл-дың 1 қаңтарынан бастап үшінші-буын — болашақ зейнеткер үшін-жұмыс берушілер тарапынан ко-сымша зейнетақы жарналары енгізілетін болады. Бұл шаралар азаматтардың зейнетақы актив-терінің өсуіне бағытталған.

1 шілдеден бастап зейнеткерлер мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар қайтыс болған жағдайда біржолғы жерлеуге берілетін жәрдемақы 15,7 айлық есептік көрсеткіштен 35 айлық есептік көрсеткішке дейін өседі. Яғни 120750 теңге болады.

Отбасының цифрлық картасы іске қосылды

Әлеуметтік кодекстің негізгі жаңашылдықтарының бірі — Отбасының цифрлық картасы. Бұл ақпараттық жүйе 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап пилоттық режимде жүзеге асырылып келеді. Мемлекет басшының тапсырмасы бойынша 1 қаңтардан бастап Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өзінің қызметіне осы форматқа ауыстыра бастады.

ОЦК

— бұл әр түрлі мемлекеттік органдардың мәліметтерін жинақтап, азаматтардың әлеуметтік аял-аудатының деңгейін анықтауға және оларға проактивті форматта қағпидыңдірілген мемлекеттік қолдау көрсетуіне мүмкіндік беретін аударматтық жүйе.



**МЕМЛЕКЕТТІК
ӘЛЕУМЕТТІК
САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫНЫҢ**

**Ақтөбе облысы бойынша
Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қорының филиалы
көрсеткен мемлекеттік қызмет:**

19 976

2023 жылдың 5 айында



**оның ішінде «Отбасының
цифрлық картасы» жүйесі арқылы
көрсетілген мемлекеттік қызмет: :**

570

—————→

Мемлекеттік қолдау шараларын алуға құқығы бар төлем алушыға 1414 бірінші байланыс орталығынан **SMS**-хабарлама жіберіледі. SMS алған азамат оған келісім беріп жауап беруі керек. Отыншп ресімдеу және әлеуметтік төлемді тағайындау, кейіннен алушының банктік шотына ақша қаражатын аудару автоматты режимде жүргізілетін болады.

Айта кетейік, жыл басынан бері Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының Ақтөбе облысы бойынша филиалы 19 976 мемлекеттік қызмет көрсетті, оның ішінде «Отбасының цифрлық картасы» арқылы 570 мемлекеттік қызмет көрсетілген.

Ақерке САТЫБАЛДЫ.

2023 ЖЫЛДЫҢ – ІІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Амангосов Артур Сарсенбаевич Ойыл ауылдық округінің әкімі	Өр аптаның дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары	Өр аптаның сәрсенбі, жұма күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20

БЫЛҒЫ ҰБТ-ДА 2868 ТҮЛЕК 120-ДАН ЖОҒАРЫ БАЛЛ ЖИНАҒАН



– Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ергалиев орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингінде быылғы негізгі ҰБТ қорытындыларын атады, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«5 шілдеде негізгі ұлттық бірыңғай тестілеу аяқталды. Жалпы ҰБТ электронды форматта, 43 тестілеу орталығында «1 компьютер-2камера-1 тестіленуші» қағида бойыша өткізілген болатын. Осыған дейін айтқанымыздай, ҰБТ-дағы маңызды артықшылықтардың бірі – әр бала екі мүмкіндігін қолданып, ең жақсы нәтижесін грант конкурсына жолдай алады», - дейді вице-министр.

Оның сөзінше, быыл негізгі ҰБТ тапсыруға 166 мың талапкер 305 мың өтініш білдірген.

«Олардың 162 мыңы ҰБТ-ның екі мүмкіндігін қоса есептегенде 291 мың рет тест тапсырды. Тестілеу қорытындысы бойынша 135 мыңға жуық талапкер шекті балл жинады. Бұл қатысушылардың жалпы санының шамамен 83 пайызына тең. Былтырғымен салыстырғанда бұл бірнеше есе жоғары. Былтыр 37 пайыз ғана болған. ҰБТ-ның орташа балы өткен жылмен салыстырғанда 7 балға өсті. Быыл орташа балл 73 болды. 5 адам ең жоғары көрсеткіш алды – 137 балл. 120 балдан жоғары алған талапкерлердің саны – 2868», - деді Қуаныш Ергалиев.

Тест тапсыру тіліне келсек, 75 пайызы қазақ тілінде, 24 пайызы орыс тілінде, 0,1 пайыз ағылшын тілінде тапсырған. Жалпы быыл ерекше білім беру қажеттілігі бар талапкерлерге арнайы жағдай жасалды. Мысалы, тест уақыты олар үшін 40 минутқа ұзартылды. Сонымен қатар, сызба мен диаграммасын сұрақтар берілді. Осы шаралардың арқасында 478 ерекше білім беру қажеттілігі бар тестілеуші ҰБТ тапсырды.

Быыл грант конкурсына қатысу үшін өтініштер қабылдау кампаниясы 13-20 шілде аралығында жүзеге асырылады. Алыс аймақтарда тұратын талапкерлердің ыңғайы үшін eGov электронды үкімет порталы арқылы онлайн өтініш қабылдау жүргізіледі. Сонымен қатар, құжаттарын дәстүрлі форматта – офлайн тапсырғысы келетіндер үшін жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары жұмыс істейді. Мысалы, түлек грантқа өтініш беру үшін Алматыға келмей-ақ, құжаттарын eGov арқылы онлайн немесе жергілікті ЖОО арқылы офлайн тапсыра алады. Сондай-ақ, вице-министр грант

конкурсына құжат қабылдау 7 күн бойы жүретінін ескертті.

«Быыл бакалавриатқа 73 мың грант бөлініп отыр. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша барлық гранттың 60%-ы техникалық мамандықтарға бөлінді. Гранттардың басым бөлігі «Инженерлік, өңдеу, құрылыс салалары» білім беру бағдарлама топтарына бөлінді. Олардың саны 18 744 грант деген сөз. Ал «Педагогикалық ғылымдарға» – 12 560 грант, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» саласына – 10 103 грант, «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» бағытына – 7 388 грант тиесілі. «Серпін» бағдарламасы арқылы түсушілерге 3 653 грант бөлінген», - деді вице-министр.

Оның айтуынша, быыл халық тығыз қоныстанған батыс және жаңадан құрылған өңірлердің жастары үшін гранттар бөлінген. Гранттар былай бөлінген: Атырау облысы – 1500, Маңғыстау облысы – 1500, Ұлытау облысы – 300, Жетісу облысы – 300, Абай облысы – 500, Шымкент – 400, Түркістан облысы – 500. Бұл гранттар педагогикалық, инженерлік, IT мамандықтарға және жаратылыстану ғылымдарына бөлінген. Быыл педагогикалық квота 47%-ға дейін ұлғайтылды. Сондай-ақ, алғаш рет ауыл шаруашылық және инженерлік бағыттарды қолдау мақсатында пилоттық режимде арнайы квота бөлінді. Бұл гранттар өңірлік ЖОО-ларда орналастырылады.

«Жалпы, быылғы өзгерістердің басым бөлігі өңірлік ЖОО-ларды қолдау мақсатында жүзеге асырылып жатыр. Еліміз бойынша студенттердің 1/3 бөлігі Алматыда оқиды, себебі 35 ЖОО осы қалада. Бұл өз кезегінде жатақхана жетіспеушілігіне алып келуде. Сондықтан біз быылғы талапкерлерге өңірлік университеттерге түсуге кеңес береміз: сапа тағынан еш кем түспейді, жатақхана мәселесі де жоқ», - деді ол.

Сонымен қатар, вице-министр өңірлерде шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары ашылып жатқанын еске салды.

«Мысалы Аризона университетінің филиалы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің базасында, ал Heriot-Watt университетінің филиалы Ақтөбедегі Қ.Жұбанов атындағы университетінің базасында ашылып жатыр», - деді Қуаныш Ергалиев.

«Быыл да әлеуметтік осал топтарға арналған 7 топ сақталды. Сонымен қатар, былтырдан

бастап ауыл квотасы да 30 пайыздан 35 пайызға ұлғайған. Быыл да 35 пайыз болады. Былтырдан бері беделді халықаралық пән олимпиадалары мен жарыс, конкурс жүлдегерлері мемлекеттік грантқа ҰБТ тапсырмай-ақ иелік етеді. Мемлекеттік грант конкурсында балл саны тең болып қалған жағдайда «Алтын белгі» иесіне басымдық беріледі», - деді ол.

Вице-министрдің сөзінше, быыл 5812 «Алтын белгі» иегері мектеп тамамдап отыр.

«Әскери борышын өтегендерге қатысты да өзгерісті айта кетейін. Мұндай балалар ҰБТ-сыз, еңгімелесу арқылы ақылы негізде ғана және университеттердің ішкі гранттарына ие бола алады. Жылдағыдай Білім беру гранттарының иегерлері 10 тамызға дейін жарияланады», - деді министрдің орынбасары.

Ал, Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев болса, келесі жылдан бастап ҰБТ тапсырушыларға қаламсап аудиторияға кіргеннен кейін берілетінін айтты.

- Быылғы ең креативті көшіру тәсілі деп костюмнің кеудесін ойып, смартфонды соған салып өткен. Оқушыны айтуға болатын шығар. Осындай тәсілмен ол смартфонның экранына «терезе» ашып қойған. Сол «терезе» арқылы ашып, жауып отырған. Әрине, біз мұны ахуал орталығы арқылы байқап қойдық. Ол талапкердің ҰБТ қорытындысы жойылды.

Біз денсаулығында кінәраты бар балаларға витамин немесе дәрі алып кіруге рұқсат береміз. Бізде бір оқушы дәруменнің бетіне формула жазып кірген жағдай болған», - деген орталық директоры ҰБТ-ға қатысушылар қаламсап арқылы да түрлі қиыршылықтарға баратынын айтты.

«Тіпті арнайы қаламсаптар да болды. Осыған байланысты біз шешім қабылдамақпыз. Келесі жылы ҰБТ өткізген кезде қаламсапты да аудиторияда беретін боламыз. Быыл өр оқушыға өз қаламын әкелуге рұқсат бергенбіз. Бірақ оны шпаргалка жасыруға пайдаланған жайттарды көрдік. Осы фактілерді ескеріп, осындай шара қабылдап отырмыз, - деді Руслан Емелбаев.

Быылғы ҰБТ нәтижелері 31 қазанға дейін тексеріледі. ҰБТ өткізу барысында 402 талапкер смартфон, шпаргалка және басқа да тыйым салынған заттарды алып өту әрекеті салдарынан тест тапсыру мүмкіндігінен айырылды. Тестілеу кезінде ережелерді бұзғаны үшін аудиториядан 312 адам шығарылып, олардың негізгі жерлері жойылды. Кейбір тестіленушілерден жасырын камералар, микроқұлаққаптар, смартфондар және басқа да тыйым салынған заттар табылды.

Ал, барлық бейнежазбаға 2023 жылғы 31 қазанға дейін талдау жасалады. Егер тыйым салынған заттарды пайдалану фактілері анықталса, талапкер білім беру грантынан айырылады.

2020 жылы бейнежазбаларды қайта қарау нәтижесінде 152 адамның, 2021 жылы 52 адамның, 2022 жылы 217 адамның нәтижесі жойылған болатын. Быыл да бұл жұмыс қолға алынды.

Өткен жылдар сияқты апелляцияны келесі күні емес, үміткерлер тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде берне алады. Негізгі ҰБТ-2023 барысында 50

мыңнан астам өтініш келіп түсті, оның ішінде 805 өтініш қанағаттандырылды, - деді Руслан Емелбаев.

Биылғы ҰБТ-да бөгде адамның талапкер орнына кіру фактісі тіркелмеген. Оқуға түсушінің тест тапсыру орнында негізгі камерадан басқа, тестіленушінің дыбысын жазу және қозғалысын тіркеу үшін алдыңғы веб-камера орнатылды. Фронталды веб-камера талапкердің жеке басын сәйкестендіруге және ҰБТ кезінде бөгде адамдардың кіруін анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл қағидат емтихан тапсыру барысына бақылау жүргізу және тестілеудің ашықтығын қамтамасыз ету үшін қажет. Быыл ҰБТ-да бір де бір бөгде тұлға анықталған жоқ. Естеріңізге сала кетсем, 2021 жылы бұндай 18 жағдай, 2022 жылы 1 жағдай анықталған еді», - деді ол.

ҰБТ нәтижесі жойылған және тестілеуге кіргізілмеген талапкерлер тамызда тест тапсырса да, грантқа таласа алмайды. «Биылғы өзгеріс бойынша талапкер ҰБТ-ның бірінші мүмкіндігінде ереже бұзса, екінші мүмкіндігін пайдалана алады. Былтыр бұл тұрғыда тәртіп қатаң болатын. Ереже бұзды ма, автоматты түрде екінші мүмкіндіктен айырылған. Ал бір ғана мүмкіндікке тіркеліп, тест нәтижесі жойылған балалар тамыз айындағы ақылы ҰБТ-ға қатыса алады. Бұл оларға шекті балл жинай алған жағдайда жоғары оқу орнында ақылы негізде білім алуға мүмкіндік береді. Негізгі ҰБТ кезінде нәтижесі жойылған талапкерлер қантар мен наурыз ҰБТ-сында тест тапсырған болса, сол сертификатты көрсетіп, ақылы негізде оқи алады. Пәндер комбинациясы бойынша математика мен физика көш басында тұр. Өйткені техникалық мамандықтарға грант өте көп бөлініп отыр. Екінші орында «биология-химия» комбинациясы тұр. Бұл негізінен медициналық мамандықтарды таңдағандар. Сондай-ақ, үшінші орында шығармашылық комбинация таңдаған балалар тұр. Шығармашылық мамандыққа түсетінде ҰБТ-да екі пәннен ғана тест тапсырады. Ал өздерінің бейінді пәндерінен түсетін оқу орнында тест тапсырады. Быыл абитуриенттердің 10 пайызы «математика-информатика» комбинациясын таңдады. Бұл комбинация бұрын болмағанын өзінде 16 мыңдай талапкер таңдаған», - деді ол Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингінде. Сондай-ақ, Руслан Емелбаев былтырғы статистикамен биылғы көрсеткіштерді салыстырды. «Былтыр 80 мыңнан астам талапкер грант конкурсына құжат өткізген. Оның әр төртіншісі, яғни, 22 мың педагогикалық мамандыққа тапсырған. Ол кезде техникалық мамандықтар екінші орында болған. Үшінші орында IT сала, төртінші орында медицина болған. Математика-информатика комбинациясын таңдаған талапкерлер биыл үш бағыт бойынша ғана грантқа таласа алады. Ол - ақпарат технологиялары, ақпарат қауіпсіздігі және информатика пәнінің мұғалімі. 2023 жылға дейін талапкерлер IT салаға «математика-физика» комбинациясы бойынша тест тапсырып түсетін. Енді «математика-информатика» комбинациясын таңдаған 16 мың бала болашағын IT-саламен байланыстырып отыр деген сөз», - деді орталық директоры.

Есімжан НАҚТЫБАЙ
«Қазақпарат»

Ойыл

ЖЫЛЖЫМАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КЕШЕН - ҰЛТ САУЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ



Мемлекет басшысы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ел. Берекелі қоғам» атты былтырғы Жолдауында ұлт саулығына басымдық беріп, медициналық инфрақұрылымды жақсарту, әсіресе, ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау қызметін дамыту жөнінде айтып, бұл бағытта ұлттық жобаны жүзеге асыруды тапсырды.

«Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды.

Әсіресе, шалғай елді мекендердегі тұрғындардың денсаулығын қорғауда, ауруды ерте анықтауда жылжымалы медициналық кешеннің (ЖМК) маңызы зор. Осы орайда, жуырда Саралжын ауылдық округінің орталығына құрамында терапевт, офтальмолог, гинеколог, хирург, стоматолог, рентген зертханашысы және басқа да мамандар қабылдау жүргізді. Қажет болған жағдайда науқас кардиограмма, УДЗ, скринингтік тексерулерден өтіп, дәрігерлерден кеңес алды және ауруханаға жатқызуға, жеке медициналық мекемелерде емделуге жолдамалар берілді.

ЖАНА ЦИФРЛЫҚ ҚҰЖАТ EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА ҚОЛЖЕТІМАІ



eGov Mobile мобильді қосымшасында жаңа цифрлық құжат – «Колледж дипломы» қолжетімді. Колледж дипломы - арнаулы орта білімнің бар екендігін куәландыратын құжат. Енді сіз осы цифрлық құжатты eGov Mobile қосымшасы орнатылған смартфонмен электронды түрде ұсына аласыз.

«eGov mobile қосымшасының жетістіктерінің бірі – «Цифрлық құжаттар» сервисі болып саналады. Осы сервисің көмегімен қолданушылар цифрлық құжаттарды әрқашан ұялы телефоннан көрсете алады. Енді колледж түлектері eGov Mobile қосымшасы арқылы құжатты цифрлық форматта қолдана алады.

Осыған дейін eGov mobile пайдаланушылары үшін жоғары оқу орындарының дипломдары мобильді қосымша арқылы қолжетімді болды. Бұл қажетті құжаттарды алу және ұсыну процесін едәуір жеңілдетеді», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы

Ростислав Коняшкин.

Цифрлық құжатты қолдану үшін eGov mobile қосымшасының басты бетінде «Цифрлық құжаттар» сервисін таңдау керек. Пайдаланушы құжатпен QR код немесе 6 таңбалы код арқылы бөлісе алады. (1-сурет).

Цифрлық құжат - түпнұсқа құжаттың аналогы. Қазіргі уақытта «Цифрлық құжаттар» сервисінде 27 құжат қолжетімді: оның ішінде жеке куәлік, жүргізуші куәлігі, ҚР азаматының паспорты және басқалары бар.

Сіз мобильді қосымшаны iOS жүйесінің пайдаланушылары үшін App Store платформасынан, сондай-ақ Android жүйесінің пайдаланушылары үшін Play Market және App Gallery-ден жүктей аласыз. Қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің, ҚР Оқу-ағарту министрлігі және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ жұмысының арқасында іске асырылды.

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

НОВЫЙ ЦИФРОВОЙ ДОКУМЕНТ ДОСТУПЕН В МОБИЛЬНОМ ПРИЛОЖЕНИИ EGOV MOBILE

В мобильном приложении eGov Mobile доступен новый цифровой документ – «Диплом колледжа». Диплом колледжа – документ, свидетельствующий о наличии у его владельца среднего специального образования. Теперь предоставить данный цифровой документ можно электронно, имея при себе смартфон с установленным приложением eGov Mobile. «Одним из достижений приложения eGov Mobile считается – разлад «Цифровые документы». Благодаря данному сервису цифровые документы всегда под рукой.

Теперь выпускники колледжей также могут получить цифровой формат документа через приложение eGov Mobile. Ранее для пользователей eGov Mobile реализован доступ на дипломы высших учебных заведений. Это значительно упрощает процесс получения и предоставления необходимых документов», - прокомментировал Председатель Правления АО «Национальные информационные технологии»

Для того, чтобы найти цифровой документ необходимо авторизоваться в приложении, на главной странице кликнуть на «Цифровые документы». Пользователь может открыть доступ к документу с помощью QR-кода или 6-значного кода, что поможет стороне, запрашивающей убедиться в их подлинности (рисунок – 1). Цифровой документ - аналог оригинала документа. На данный момент сервис «Цифровые документы» содержит 27 документов, в том числе удостоверение личности, водительское удостоверение, паспорт гражданина РК и другие.

Скачать мобильное приложение Вы можете на платформе App Store для пользователей системы iOS, а также в Play Market и App Gallery для пользователей системы Android.

Услуга реализована благодаря работе Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК, Министерства просвещения РК и АО «Национальные информационные технологии».

Управление по связям с общественностью АО «НИТ»